

## БӨЛІМ: ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ

## §26 Ежелгі грек өнері

ЖАРИЯЛАНДЫ  
24.05.2022

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/121818/>

Сабақтың тақырыбы: §26 Ежелгі грек өнері

Сабақтың мақсаты: Білімділік: Грекиядағы мерекелер мен Олимпиялық ойындардың өткізілуі, ежелгі грек театры, сәулет өнері мен гректердің діни — нанымдары, мифтері туралы мағлұмат беру.

Дамытушылық: оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: өткен тарихқа құрметпен қарауға, Отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу.

II. Үй тапсырмасын тексеру. (ауызша сұрақтар арқылы )

Жаңа сабақты меңгерту.

Жаңа сабақтың жоспары:

1. Грекиялық мерекелер мен ойындар
2. Олимпиалық ойындар
3. Ежелгі грек театры
4. Гректердің діни нанымдары мен мифтері
5. Сәулет өнері
6. Грек мүсіндері

Ежелгі гректердің мерекелері мен ойындары бүкіл — халықтық сипат алды. Олар Дионис, Деметра, Зевс құдайлардың құрметіне және ынтымақ пен бірлікке арналды. Афиныда басты мереке болып ынтымақ мерекесі саналды. Ол ежелгі грек жыл санауы бойынша жылдың алғашқы айында өткізілген. Мереке күндері ақындардың, әншілер мен музыканттардың өнер сайысы да өткізілген. Сонымен бірге әр түрлі спорт жарыстары да ұйымдастырылды. Олимпиялық ойындар Пелопонестің әдемі жеріне орналасқан Олимпия қаласында өткізілген. Гректер үшін Олимп қасиетті жер.

Олимп тауы картасы

Афиныдағы Зевс храмы

Сұрақ: Олимпиялық ойындар өтетін жылы жаршылар Грекияның барлық қалаларын аралап, \_\_\_\_\_ қуанышты \_\_\_\_\_ хабарды \_\_\_\_\_ таратты. Жаршылар.....

Олимпия ойынында ең мықты деген..... сынға салды. Ойын кезінде Грекия қалаларында..... тыйым салынды.(оқулықпен жұмыс).

Театр Грекияда б. з. Б V — IV ғ. салына бастады. Оның пайда болуы Дионис құдайдың құрметіне арналған ойын — сауықпен байланысты шыққан. Театрлар комедиялық, трагедиялық жанрдағы шығармаларды қойып отырған.

Терминдермен жұмыс

Театр —

Орхестра —

Скене —

Трагедия —

Комедия —

Тұлғаны таны

70 — тен астам трагедиялық шығармалар жазған. Ірі шығармаларының бірі - «Бұғауланған Прометей.»

«Бұлт», «Сона», «Құстар» атты комедиялық шығармалары бар.

Оның шығармаларының ішінде көрермендерге ерекше әсер қалдырған - «Антигонна» драмасы болды.

Сәйкестендіру тесті

Зевс — теңізді

Аид — көкті } патшалығын биледі.

Посейдон — өлілер

Аргонафтар туралы миф. Тапсырма. Кім? Қайда? Қашан?(мифтің мазмұнымен танысу. оқулықпен жұмыс)

Гректер сәулет өнерінде үш стиль қалдырған.

1. коринфтік 2. дориилік 3. иониилік.

Тапсырма: ұқсастықтары мен айырмашылығын салыстыр.

Грекиядағы ең үлкен діни құрылыс храм болды. Оларды ерекше көрсету үшін биік жерлерге салған.

Грек мүсін өнері б. з. б V ғ. ерекше дамыды. Ежелгі Грекиядағы ең ғажайып мүсіндер Зевс және Парфенон храмдарында шоғырланған.

Әлемнің жеті кереметінің бірі.....

Афина мүсіні Грекиядағы ең атақты храм..... орналасқан.

Сандар сөйлейді.

14 метр —

6 күн —

Б. з. бVII ғ

Б. з. б776ж —

4жыл —

5 күн —  
17мың —  
50, 100 мың —  
70 —  
40 — қа жуық  
11 метр —

Жаңа сабақты бекіту сұрақтары:

1. Ежелгі Грекия мерекелері кімнің құрметіне тойланып отырған?
  2. Миф дегеніміз не?
  3. Ежелгі Грекиядағы олимпиялық ойындарды, қазіргі кезеңдегі олимпиада ойындарымен салыстыр.
- Үйге тапсырма: Ежелгі грек өнері оқып келу. Олимпиада ойындары туралы шығарма жазып келу.  
Бағалау.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.